

Хаттама №7

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

« 17» наурыз 2026 жыл

2026 жыл 17 наурыз күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 5

**Күн тәртібінде:**

2026 жылдың наурыз айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т.Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде хабарлама жасады.

**Жарыссөз:**

Г.Шойынбайқызы (комиссия мүшесі, мектеп медбихісі)


Әдеттегідей мектептегі ыстық тамақтың берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Балалар уақытында тамаққа келіп отыр. Мәзірде жақсы, пайдалы, дәрумені мол тағамдар бар. Бір мезгіл сабақ арасында ыстық тамақ ішу бала денсаулығы үшін пайдалы. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді.

Г.Өтепова (комиссия мүшесі, ата-ана)


Мектеп асханасына ыстық тамақтың берілісін бақылау бойынша жұмыстары жүргізілді. Мектеп асханасының жағдайын, асхананың ішкі тазалығын, ыдыс-аяқтардың дұрыс жуылуын, азық-түліктердің сақталуын және тұтыну мерзімін қадағалап тексердік. Қоймадағы, тоңазытқыштағы тағамдардың орналастырылуы да қаралды. Тамақтардың сертификаттары тексерілді, түгел.


**Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:**

1. Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбихісі Г.Шойынбайқызы міндеттелінсін.
2. Наурыз айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.


Т.Калиева  Комиссия төрайымы, мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

А.Жазықбаева  Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Шойынбайқызы  Мектеп медбихісі

Г.Өтепова  Ата-ана

А.Амантайқызы  Әлеуметтік педагог